

## Екінші толғау

СЫМБАТЫ БӨЛЕК СЫРЛЫ ӘЛЕМ

*С детских лет мне пришлось жить  
сиротой, но люди окружили меня  
заботой, и я стал одним из тех,  
кто не способен обижать  
или ненавидеть других.*

**Я. КАБАБАТА**

Күреңқабак күз, 1981 жылдың күзі. Мұхтар Әуезов атындағы қазақ драма театрының кең залын халық кернеп кеткен. Мұнда бүгін той. Бұл дауылпаз талант Қасым Аманжоловтың жетпіс жылдық тойы. Сахна төрінде акынның үлкен портреті. Қыран қабак, бүркіт көз акынның жүзінде мұң, жанарында ой бар. Осынау ойлы, отты акын ұзақ сапарға аттанғалы да ширек ғасырдан асқан екен. Содан бері де ол халқымен бірге жасасып келеді. Оның өзінсіз елуін, алпысын тойлаған ел енді жетпісін де атап өтіп жатыр. Сексені де, тоқсаныда, жүзі де, тіпті одан кейінгі әр он жылы әлі талай тойланар. Өзі өлсе де сөзі өлмейтін осынау талант осыдан отыз жыл бұрын: «Қазіргі қазақ ақындарының ең бақытсызы менмін. Түбі ең бақыттысы болуым да мүмкін» деп қалай тауып айтқан. Сәуегейлік пе, көрегендік пе, бұл?! Қайсысы болса да тегін емес. Мұның терең сырын түсініп, тегін тану үшін акын творчествосына үңілу керек. Жыл өткен сайын жаңа бір қырларымен жарқыл қаққан Қасым Аманжоловтың жұлдызды жырлары қазақ поэзиясындағы таңғажайып құбылыс. Осынау қайталанбас хас талант құнарлы жырларын қалай жазды? Уақыт озған сайын бұрын байқалмаған тағы бір қасиеті таныла беретін талантты өлеңдердің жазылу сырлары қандай? Қасымның құдіретті талантын қастерлейтін, оның өлеңін риясыз сүйетін қауым осы сұрақтарға жауап алғысы келеді-ақ. Солай бола тұрса да, ешкім бұл сұраққа жауап беруге бел байлап, белсеніп шыққан жоқ. Біздіңше, мұның сыры бұл сұраққа жауап берудің қиындығында болса керек. Қиындық қат-қабат. Алдымен біздің халқымыз талантқа қаншалық бай болса, сол таланттарымыз өзінің көзі тірісінде творчестволық лабораториясынан сыр шертуге, ең болмаса там-тұм бірдеңе жазуға тым сараң. Өзге елдер салтында бар Э. Хемин-

гуэйдің әйелінің, Л. Н. Толстойдың жұбайының, қызының жазғанындай әдеби мемуарлар мүлдем жоқ. Қаламгерлеріміз күнделік жазуды да әдет етпеген. Ал жазушыларымыздың жұбайлары естелік жазуды ескере бермейді. Мұндай игілікті істі баспалар да, басқалар да әлі мойнына ала қойған жоқ. Бір сөзбен айтқанда, таңдаулы таланттарымыздың творчестволық лабораториясына саяхат жасайтын әдеби мемуар, естелік жанры қазақ топырағында жаңа ғана туып келеді. Міне, осының бәрі «Қасым қалай жазды?»— дейтін салауатты сауалға берілер жауапты қиындата түсері хақ.

Ал осы қайда да, қашан да қарсы алдыңнан шыға берер «Қасым қалай жазды?» дейтін сауалға жан-жақты толық жауап бере алатын жалғыз кісі — ақынның жұбайы Сақыпжамал Аманжолова. Бірақ, ол өмірі қолына қалам ұстап, бірдеңе жазып көрмеген. Әйтсе де оның күйлі-мұңлы көкірегінде Қасым жайлы талай қазына-сырлар жатыр. Ендеше соның бәрін болмаса да, бір парасын оқушы қауым назарына ұсынсақ, қызғылықсыз болмас. Бізді ақын жұбайына алып келген ой осы.

— Әлі есімде,— деп бастады Сақыпжамал апай әңгімесін.— 1935 жылдың жазы еді. Онда біз Орал қаласында, Жайық жағасында Нұрман Жүкенов деген ағаймен бірге тұратынбыз. Бір күні біздің үйге сол кездегі жас ақын, кейін белгілі прозаик болған Жәрдем Тілековпен бірге бір жас жігіт келді. Жәрдем жанындағы жолдасын жас ақын Қасым Аманжолов деп таныстырды. Бұл есім сол кезде-ақ жыр құмар жұртшылыққа белгілі бола бастаған. Сол кезде Қасым жиырма төрт жастағы бозбала. Денесі қаршығадай шағын болғанымен, жалт-жұлт еткен жанары қыранның көзіндей өткір. Менімен танысқан сәтте Қасым қолымды ұзағырақ қысып, қадала қарап қалды. Содан кетер-кеткенше, мен жаққа ұрлана көз тастаумен болды. Сол күннен бастап Қасым бізге жиі келетін. Ағам Нұрманмен достасып алды. Екеуі аулаға шығып, нысана атады. Жайық жағалап сейіл-серуен құрады. Қасымның бұл келісінің мәнісі маған қатысты екенін кейінірек пайымдадым. Бірақ тағдырдың бұралаң жолдары екеумізді екі түрлі соқпаққа салып жіберген еді...

Қасым екеуміз Ұлы Отан соғысы аяқталған соң, қырық алтыншы жылдың январында қосылдық. Алғаш біз қаланың солтүстік шығыс жағындағы Городская көшесі, алпыс тоғызыншы үйде тұрдық. Қасымның ағасы

Ахметжан осы үйде тұрушы еді. Ол кісі бізге кішкентай бір бөлмесін босатып берді. Бөлменің кішкентайлығы соншалық — бірер кісі әзер айналатын, Сондай үй ішінде мүлік-жиһаз болса бір сәрі ғой, бөлмеде бар болғаны бір темір пеш және екеуміздің төсегіміз ғана тұрушы еді. Тіпті ас ішетін, жазу жазатын стол қоюға орын жоқ. Орын болғанда, оны сатып ала қоятын қаржымыз да болмады. Қасым осы кішкентай бөлмеде тұрып М. Ю. Лермонтовтың «Маскарадын», А. С. Пушкиннің «Қысқы кешін», Т. Г. Шевченконың, А. Н. Некрасовтың өлеңдерін аударды.

Үйімізде кішкентай қара чемодан болушы еді. Сол чемоданның үстіне қағаз жайып, ас ішетінбіз. Сол чемодан Қасымның жазу столы да болды. Жаңағы жоғарыда аталған шығармаларды Қасым сол қара чемоданды тізесіне қойып отырып аударғаны әлі күнге дейін есімде.

Қасым өлеңді ұзақ отырып жазбаушы еді. Қай шығармасын болса да ол мейлінше жылдам, мейлінше тез жазып тастайтын. Бірақ оның есесіне ол өте ұзақ ойланып-толғанатын. Қасымның бір әдеті—орынынан тұра салып, таңертең сыбызғы тартатын. Үйіміздің сыртынан арық суы ағып жатушы еді. Төсектен ерте тұрып кеткен Қасым сол арық суына аяғын салып, тастың үстінде отырып ап сыбызғы тартатын. Сондай шақта жанына бара қалсаң, көбіне-көп келген-кеткен кісіні сезбей, өзімен-өзі боп терең ойға батып отыра еді. Қатты бір толқып кеткен шақтарында сыбызғы тартып отырған Қасым көзінен мөлдіреген жас тамшыларын да байқауға болар еді. Ал сыбызғыны ойнап болған сәттерінде, үйге қайтып келе жатқан кезінде жолыққанда екі көзі сексеуілдің шоғындай жайнап, әлдебір отты сезімдер құшағында болғанын да анық байқағанмын.

Өлең, алдымен, Қасымның жанына кіріп, жалынына шомылушы еді. Сосын барып ақын жүрегінің алапат ыстығында қайнап піскен жұлдызды жырлар оның көкірегін жарып шығатын. Соған көп мысалдың бір көрінісі күні бүгінге дейін көз алдымда. Қасымның үйде киіп жүретін боз шапаны болатын. Бір күні ол сол боз шапанын киіп ап, қара чемоданын алдына өңгеріп қарсы алдындағы айнаға анда-санда көз тастап қойып, әлдебір жыр жолдарын іштей әлденеше қайталап ұзақ отырды. Бірақ біразға дейін қағаз бетіне ештеңе жазған жоқ. Қасымның қалың ойға берілгені соншалық, тіпті менің кіріп-шығып жүргенімді де байқамады. Бір кезде іштен Қасымның «Сәпен, ау Сәпен, мұнда кел, бол жылдам»

деген ашық үні санқ етті. Апыл-ғұпыл бөлмеге кіріп келсем, Қасекеңнің жүзіне қан ойнап, көзінен от шашып, қырдың алтайы түлкісін алған қырандай құлпырып отыр екен. Ол мен табалдырықтан аттар-аттамаста: «міне, жаңа бір жыр дүниеге келді. Ал қане, тындап жібер» деді. Мен елең етіп Қасымның дауысына құлағымды достым. Теңіздей тебіреніп, өрттей шалқыған өр ақын әлі сиясы кеппеген өлең жолдарын оқи жөнелді:

Қабағын түйіп құз-тас тұр,  
Төңірегіне парық сап.  
Шыңында шулап құстар жүр  
Айнала ұшып шарықтап.

Кеудесі жалын кара бұлт  
Келеді төніп аспаннан.  
Алып құз-тас сұп-сұрғылт,  
Жамылып шапан — боз тұман.

Шық моншақтап — шып-шып тер,  
Сорғалайды жасы жүзінде...  
Сол құзды көр де мені көр,  
Ойға бір шомған кезімде.

Қасым небәрі үш шумақ жыр жолын оқып шықты да кашанғы әдетімен маған телміре қарап, «ал қане, қалай екен?» деді. «Жақсы екен» дедім мен. Ақын одан әрі мені сөйлеткен жоқ, шабытты шақтағы әдетімен шалқып кетті. «Мен,— деді ол,—үстімде мынау боз шапан, өлең жазып отырып, айнаға қарасам, қаным ішіме тартылып кетіпті. Маған барлық дүние суалып, жапырақтар қуарып кеткендей әсер етті. Далада ұшып жүрген құстар даусы естіледі. Айнадан өз бейнемді, терезеден тау суретін көрдім. Екеуімізде әлдебір ұқсастық бар сияқты. Сол әсермен жаздым мына өлеңді. Өзің білесің, мен өлең жазарда ұзақ ойланамын. Көп бұлттар басымды торлайды. Сосын олар жаңбыр боп көкірегіме құяды, жалын боп жаңғырып қайта шығады. Мен Қарқаралының Қаршығалы тауында тудым. Денем де, қиялым да қаршыға сияқты. Мен өскен өлкеде Бозтайлақ деген өзен бар, ол Балқаш теңізіне құяды. Мен кейде сол өзен сияқтымын. Қаршығалы тауының қасында Қызыларай деген тау бар. Менің кеудемде де сондай бір қызыл арайлар болады. Таудың ерекше тағдыры болады. Менің де сондай өзгеге ұқсамайтын өз тағдырым бар. Дүние құбылысының бәрі менің жанымнан, жүрегімнен өтіп жатады. Биік тауларға қалың бұлттар түнейтіні сияқты, менің де басыма ой бұлттары түнейді...» деп тебірене, төгіле сыр шертті.

Қасым көшеде жүргенде әлдене деп күбірлеп, сөйлеп келе жататын. Мен сонда «сен неменені өз-өзіңнен күбірлей бересің. Кісінің жанында адам құсап та жүре алмайсың» деп ұрсушы ем. Сонда ол «жарайды, батыреке-сі, қойдым-қойдым» деп жымып күле беретін. Сөйтсем, ол ойына қонақтаған, көкірегіне түйген, жүрегіне сыймаған отты жыр жолдарын ойнатып келе жатады екен ғой.

Қасым шайды жақсы көруші еді. Таңертең шайға қанып алғаннан кейін, ол біресе домбыра тартып, біресе гармонда ойнап, біресе сыбызғысын сызылтып ұзақ отырар еді. Сосын сыртқа шығып кетіп, аула ішінде ойланып ұзақ жүруші еді. Көбіне ол түнде жазатын. Маған «сен шаршадың ғой, енді дем ал, мен біраз жұмыс істеп тастайын» деп түннің бір кезінде өлең жазуға кірісер еді. Сондай күндерде кейде тіпті Қасымның қашан, қалай жазып, қай кезде жатқанын да білмей қалам. Таңертең оянсам қатты шаршаған Қасым тұяқ серіппей ұйықтап жатады. Стол үстінде әлі сиясы кеп-неген жыр шумақтары тұрады.

Біз Городская көшесіндегі үйде тұрғанымызда кісі өте көп болды. Үйге келетіндердің бәрі дерлік жастар. Арасында Тахауи, Сырбай, Тәкен, Ғафулар бар. Қасекеңнің кейде бір шарт ете қалатын нажағайдай сырт етпе мінездері бар. Сонысына бағып оларға қатты ұрсып та алатын. Бірақ олар сонда да келуін сирексітпейді. Мен Қасымға «оларға неге сонша қатты ұрса-сың, өкпелеп қалса қайтесің»— дейтінмін. Сонда Қасым күліп «олар мені шын жақсы көрсе, шын дос болса менің ұрысқанымды ауырламауы керек. Олар жанымның таза екенін, көңілімнің қалтқысыздығын біледі, ендеше өкпелеп қайда барады. Ертең-ақ қайтып келеді» дейтін. Шынында да солай болушы еді...

Сақыпжамал апай осыны айтты да көне күндердің көп суретін көз алдынан тағы бір өткізгендей үнсіз қалды. Сол сәт ардагер ақынның айнымас асыл жары, абзал ана не ойлады екен? Бәлкім, ол Қасым сынды ел ардағымен бірге өткізген аяулы күндерін есіне алған шығар. Мүмкін сол бір қымбатты қимас күндерін сағынып, қамықты ма екен? Әйтеуір сол сәт оның әлі нұры таймаған жұмсақ жанарында бір түрлі бір мұң бар еді. Бәлкім, бұл оның ешқандай қуанышқа айырбастамайтын сағыныш мұңы шығар. Мүмкін, бәрі де мүмкін.

Сонау Ұлы Отан соғысының қан майданынан Алматыдағы қаламдас досы Қапан Сатыбалдинге жазған ха-

тында Қасымның Сақыпжамал жайлы айтқан мына бір жолдары ойыма оралды:

«...Сен Сәпенді білесің ғой. Әйел біткеннен менің көңілімнен кетпей жүрген жалғыз сол ғана. Маған оны ұмыттырмай жүрген жеңіл қанатты жастық махаббаты емес, нағыз адамгершілік махаббаты. Мен оны жаным ауырып аймын. Сен Сәпенге менен сәлем айт. Адресін жібер. Өзі хат жазсын. Мен хат жазайын».

Біреуді сүйсе құлай сүйетін қайран ақындардың таңғы шықтай тап-таза сезімі-ай! Осынша мөлдір болармысың.

Мен өз ойыммен өзім болып отырғанда, Сақыпжамал апай кенет сергіп, сөзін сабақтады.

— Жаңбырдай жауған оқ пен өрттей шарпыған оттың ортасынан елге аман-сау оралған Қасым айтқан көп әңгімеден есімде қалғаны атақты «Ақын өлімі туралы аңыз» атты дастанының жазылуы,— деді Сақыпжамал апай.— Қасым өзі қатты құрметтейтін Абдолла ақынның ерлік қазасы жайлы қаралы хабарды Қиыр Шығыста жүргенде естіген екен. Сол күннің түнінде Қасым ұйықтамай, түні бойы кірпік қақпай отырып, осы поэманы шығарыпты. Поэманың кезекті шумақтарын жазып жатқанда Қасымның жанына рота командирі келіп «неге ұйықтамайсың, өзің жатпағанмен қоймай, жауынгерлерге ұйқы бермей отырсың» деп ұрсыпты. Сонда Қасым орнынан атып тұрып: «Ешбір құдай да, ешбір сайтан да көкіректе қайнаған өлеңнің жүректі жарып шығуын тоқтата алмайды. Мен майданда ерлікпен қаза болған қаһарман досым жайлы өлең жазып жатырмын» депті де жыр жолдарын жалғастыра беріпті, сол сәт оның қаламынан:

Қасиеткүші Ұлы Отанның,  
Қанатын бер қыран құстың,  
Ашуынбер арыстанның,  
Жүрегін бер жолбарыстың.  
Күллі әлемнің ашу-кегі  
орна менің кеудеме кеп.  
Жау жолына атам сені  
Бомба бол да, жарыл жүрек,—

деген өлең жолдары туған екен. Қиыр Шығыс таңы құланиектеніп атып келе жатқанда. Қасым қаламынан поэманың мына соңғы шумақтары туыпты:

Тұр еді ол үсті жалын  
Алтын тудай шалқып-лаулап.

Аялдамай жалт берді өмір  
От төсекке түсті аунап.

Бір ғажабы түні бойы кірпік қақпаған ақын поэма-сын аяқтай салып, сапқа тұрып жатқан жауынгер достарының қатарына келіп қосылғанда, өзін соншалық тың, сергек сезініпті.

Қасымның қан майданға аттанып бара жатып «Орал», «Байқал» атты өлеңдер жазғанын өздерің білесіңдер. Өз елін, өз жерін шексіз сүйген сол Қасымның ақындық асыл жүрегі өзгелердің қайғысын да өз қасіретіндей қабылдайтын. Ұлы Гейненің «Егер дүниеге бір жарықшақ түсер болса, ол алдымен ақынның жүрегін тіліп өтеді» деген сөзінде үлкен өмірлік шындық бар. Мұны Қасым творчествосынан да тауып, тануға болады. Ағылшын астанасы аяусыз бомбаланып жатқанда Лондон қасіреті жайлы өлең жазған Қасым, испан қызының қайғысын да жырлады.

Ардагер ақынның асыл жары осыны айтты да, тағы да үнсіз қалды. Қасекеннің мезгілсіз қазасы жаралы жүрегін тағы бір тырнап өтті ме, кім білсін...

Сол сәт мені де әр түрлі қалың ойлар қамалап алған еді. Есіме Н. С. Тихоновтың «Абдолла» поэмасы — қазақ поэзиясының інжу-маржаны» деген сөзі түсті. Оған қосарлана Ғ. Мүсрепов, Л. Соболев пікірлері де ойға оралды. «Артына өлмейтұғын сөз қалдырған» ақын жайлы ойымды әңгімесін одан әрі сабақтаған Сақыпжамал апайдың даусы бұзды.

— Мен білген Қасым жол сапарларға көп шыға қойған жоқ. Оған оның мүмкіндігі де жоқ еді, денсаулығы да көтермеді. Ал ақын болған жерлер — Семей мен Орал, Алматы мен Ленинград, Қиыр Шығыс табиғаты оның өлеңдерінен өз көрінісін тапты. Қасым жүріп өткен жерде із қалатын, өлеңнің ізін айтамын.

Сақыпжамал апай осылай деді де, әлде бір жайларды есіне түсіргендей өзімен-өзі болып кетті. Сәттен соң сәл жымып алды да, үнсіздікті бұзып, үзілген әңгімесін жалғады.

— Қасым әр сапарға шыққан сайын жақсы әсер, жалынды жырлармен оралушы еді. Әлі есімде, 1947 жылы Бакуге азербайжанның белгілі классигі Низамидің туғанына сегіз жүз жыл толу мерекесіне барды. Бұл жолы ол ұлы Мұхтар Әуезовпен сапарлас болған еді. Сол сапарында осы күні жұртшылыққа кең тарап кеткен атақты «Низами тойында» деген өлеңін жазды. Сол сапарында Қасымға Сана есімді әзербайжан қызы жолы-

ғып, ақыннан интервью алған екеи. «Азербайжан кызына» дейтін өлең де сол сапардың жемісі.

Қасым Бакуден шығарда қаламдас досы Сырбай Мәуленовке «Мені аэропорттан тосып ал» деп телеграмма беріпті. Ол кезде Сырбай ақын Қостанайда тұратын. Қазіргідей Алматы мен Баку арасында тура ұшатын ұшқыр самолеттер жоқ. Бакуден шыққан самолет Алматыға Қостанай арқылы келеді. Мезгіл жаз бен күздің аралығы. Әуелде, Қостанайда Сырбаймен аэропорт басында кездесіп, айрылысармын деп ойлаған Қасым ақын досының «От басын көріп кет» деген қолқасын қимай самолеттен қалып қояды. Сол сапар ол Тобыл бойын, Қостанай даласын аралап, жақсы әсерлермен оралды. Оның бәрі кейін жыр жолдарына түсті.

Әрбір алыс сапардың абыройымен бірге ауырлығы да бар. Әсіресе, Әуезов сынды ұлы адаммен сапарлас болу аз жауапкершілік жүктемесе керек. Қуаныштысы — Қасым сол жауапкершілікті барлық жан жүрегімен сезіне білген екен. Өмірде ешқандай, ешкімге басын иіп көрмеген тәкаппар ақын, қайыспас қайсар азамат Қасымның болмашыға шырт етіп жай оғындай жарқылдап кететін тентек, тік мінездері де болушы еді. Бірақ ол өзі пір тұтатын алыптар алдында аласара да білетін. Ұлы Әуезов жанында болған кезде де сондай ұлағаттылық танытыпты. Қасым талантын бұрын да танып құрметтеген сұңғыла суреткер оның ұстамдылығы мен парасаттылығына да ден қойса керек. Сол сапардан соң Мұқан «Пәлі, осы Қасымды тентек дейтін қай антұрған. Көп күн бірге болғанда мен оның бойынан ондай оғаштық көргем жоқ» деп көп достарына айтып жүрсе керек. Біздің Қасым аға жалынды жырларымен Әуезов назарына алғаш іліккенде, Мұқан: «Апыр-ау, мынау кім? Мынау жаңа сөз, жалынды үн ғой. Тұтанғалы тұрған отты өшіріп алмай үрлеп жіберуіміз керек» деп, қуана мазасызданған екен.

Сәл үзілістен соң, әңгімені қайта сабақтадық.

— Біз үй мәселесінен көп қиындық көрдік. Сол баяғы Ахметжан ағайдың қора жақтағы қараңғы тар бөлмесінде ұзақ тұрып қалдық. Сондай күндердің бірінде Қасымды Қазақстан КП Орталық Комитетінің сол кездегі идеология жөніндегі хатшысы Илияс Омаров шақыртыпты. Қасым ол кісіге барарда киімін сылап-сипап, етігін майлап, ұзақ дайындалды.

Қайда барса да, мені қасынан тастамайтын Қасым Ілекеңнің қабылдауына да бірге ертіп келді. Үкімет үйі



ол кезде Киров көшесіндегі КазГУ-дің қазіргі корпусында болатын. Мен сыртта калып қойдым да. Қасым ішке кіріп кетті. Біраздан соң сыртқа шыққан Қасымның көзінде мөлтілдеген жас бар еді. Мен оны көріп шошып кеттім де, «саған не болды. Қасым?»— дедім. «Ештеңе де болған жоқ. Қазір бәрін айтамын»,— деді Қасым. Үйге келе жатып, ол болған жайды баяндады. Сөйтсем жағдай былай болған екен. Қасымды жылы қабылдап, жай-жапсарын сұраған Ілекең оған «Біздің дастан» поэмасын жазуды табыстапты. Хатшы тапсырма берумен бірге Қасымның пәтер жағдайының қиын екендігін ескеріп, сол жерде оның көзінше қалалық партия комитеті мен қалалық Советтің сол кездегі басшыларына телефон соғып, «тез Қасымға пәтер тауып беріңдер» деп табыстапты. Ана кісілер пәтер жағдайының қиындығын айтып, қипактай бастаған екен. Ілекең олардың ауыздарын аштырмай «бұл жалғыз менің ғана сөзім емес. Мен мұны жоғары жақпен келісіп айтып отырмын. Тез орындандар» депті. Соған қуанып, қатты толқыған Қасым «менің де сөзімді сөйлейтін кісі бар екен ғой» деп қатты толқып, тебіреніпті. Ақын көзіндегі мөлдір тамшының сыры сол екен...

Қасым жырға жүйрік болғанмен, шаруаға, үй жұмыстарына қырсыз еді. 1946 жылы ноябрьде Дариға дүниеге келді. Содан бір күн бұрын кешкісін мен толғатып, үйімізде тұратын Қасымның қарындасының көмегімен әйелдер босанатын үйге жиналдым. Ол кезде қала транспорт қазіргідей емес, біз жаяулап-жалпылап келе жатқанымызда қарсы алдымыздан Қасым кездесе кетті. Қойшы, сонымен не керек, Қасым қарындасы екеуі мені бірінші перзентханаға әкеп орналастырды. Дариға туғаннан соң үш күн өтпей жатып-ақ, Қасекең маған келіп, арыз айтып, шықта-шық деумен болды. «Үй суық, Жанна екеуіміз әбден тоңдық, тамақ істей алмаймыз, қарнымыз аш» деп болмай мені үйге алып барды. Айтайын дегенім, сонда Қасекең жаңа туған баланы орауға деп магазиннен ештеңе ала алмағаннан кейін үйдегі үлкен ақжаймаларды он метр арқанмен орап алып келіпті. Мұны көріп бәріміз біраз күлісіп алдық. Дариғаның алғаш тәй-тәй қадам басқаны, тұңғыш тілі шыққаны бәрі-бәрі үлкен мереке еді. Бір күні Дариға жерде төңкеріліп жатқан кішкене ыдысқа қарап:

Мынау қандай тостаған  
Кімнің жерге тастаған?—

демесі бар емес пе? Соны естіп, Қасым «ақынның қызы ақынша сөйлейді. Айналайып, алтыным менің» деп баладай мәз болып қалды. Тағы бірде біз семьямызбен Панфилов паркінде қыдырып жүрдік. Парк ішіндегі бұрынғы ескі ресторанның жанынан өтіп бара жатқанымызда Дариға «папа, мынау не?»—деді. Қасым «бұл ресторан ғой» деді. Сонда Дариға тұрып «ендеше, мұнда кірсек қайтеді, тамағының дәмін көрсек қайтеді» деп тақпақтады. Қасым бұған да қатты қуанып қалды.

Қасым ұзақ командировкаға, демалысқа кеткенде хат жазуға салақ еді. Оны кетерінде шығарып салатынбыз. Келеріндетелеграмма беретін. Сосын қарсы алатынбыз. Қасым бірде, Қырымға демалысқа кеткенде Дариға оған «папа сені сағындым» деп хат жазды. Бұл кезде Дариға әлі алтыға толған жоқ еді. Бірақ ол Жаннаның оқулықтарын ашып қойып құдайдың құтты күні «мынау не, мынау қандай әріп» деп дамылсыз сұрай беретін. Сөйтіп жүріп ол кішкентай кезінде-ақ барлық әріпті жаттап алды. Сол 1952 жылы еді. Қасымның Қырымнан Дариғаға:

«Папа, сені сағындым».  
Деп жазыпты дарындым.  
Толған жоқсың алтыға.  
Сенің тұңғыш хатыңа  
Қараймын да мәз болам,  
Жаз осылай, жаз балам,—

деп жазғаны. Қасым мейлінше балажанды еді. Ол өзінің қыздары Жанна мен Дариғаны ерекше жақсы көретін.

Бірде, бір жерге қонаққа кеткенде Қасымның анасы Айғанша Дариғаны жерге жығып алыпты. Содан Дариға ұзақ ауырды. Ауруханада ұзақ жатты, ұзақ емделді. Біз тұрмақ, дәрігерлердің өздері де одан күдер үзді. Сонда Дариғаны үйге алып келгенде Қасым:

Медицина жас ғылымсың әлі сен  
Қайдан іздеп табам енді әдіс-ем.  
Қандай адам түсінер бұл халімді,  
Ашы қайғы уытына зәр ішем,—

деп жазды. Сол Дариға КазГУ-дің филология факультетін бітірді. Қазір Кітап палатасында істейді. Жанна да КазГУ-дің түлегі. Алматы ауыл шаруашылық институтында істейді.

Сол жылдары Дариғаның ауруына Қасым науқасы қосылып, әбден мамамыз кетті. Ол кезде қазіргідей емес,

тұрмыс қиындау, жұмыс ауыр. Үйге от жағамын, ас пісірем, Қасымды күтем. Сөйтіп күнұзақ тізе бүкпей жүріп, кешке сүріне жығыламын. Шешініп, бой жазып жату деген жоқ. Түннің бір мезгілінде қалжырап Қасымның аяқ жағына киімшең құлай кетуші ем. Қанша қиын болғанмен, Қасыммен бірге өткізген қымбат күндер еді ғой ол!..

Ардагер ақынның аяулы жары Қасым аға өмірінің бір сәтін осылай баяндады. Екеуіміз тағы да үнсіз қап, өз ойымызбен өзіміз болып кеттік.

Сол сәт Сәкеңнің не ойлағанын қайдам, ал менің ойыма мына бір сөздер оралды. «Сорлы, мен үшін не көрмеді, бір жұма болды әлі күнге көз шырымын алмады. Кейде өзіне ұрсамын да, жан ашыр жақыным болғандықтан да бұған қатты айтамын. Ондай ауыр сөзімді туған шешем де көтермейді. Ал сен ше? Жуас түйе сияқтысың. Қазақтың бұрын-соңғы бар ақынын жүк қып артып алғың келеді». Бұл ұзақ уақыт төсек тартып жатқан ардагер ақын Қасымның аяулы жары жайлы өмірінің соңғы күндерінің бірінде жақын достарының бірі Есмағамбет Ысмайыловқа айтқан сыры. Қай ауырды да кабақ шытпай көтерген қайран қазақ әйелдері-ай,— деймін мен іштей тебіреніп.— Қайсымыз қадірлеріңді каншалық білдік екен?!

Мен ой ұшығына жетіп үлгермей, Сақыпжамал апай сөзін сабақтады.

— Жылдар бойы арман болған жаңа пәтерге біз Илияс аға Омаровтың көмегімен 1949 жылдың сегізінші октябрінде көштік. 1948 жылғы декабрьден бері Қасым бауыры ауырып, қатты сыркаттанып жүрген. Біз көшіп келгенде, жаңа пәтердің көп жұмыстары әлі бітпеген екен. Виноградов көшесі, 29 үйдегі алтыншы пәтер үйдің екінші қабатында еді. Солай бола тұрса да, ол кезде мұнда жылу жүйесі болмайтын. Үйді көмір жағып жылытушы едік. Сөз орайы келгенде айта кетейін, біз қазір де осы үйде тұрамыз. Пәтердің суықтығы отын дайындап алғанша, біраз қиындық келтірсе де, төсек тартып жатқан Қасымды да, оның семьясын да көп қуанышқа бөледі. Қасымның соңғы жылдары жазған өлең-жырларының бәрі осы үйде дүниеге келді. Бірақ бір қиыны күн өткен сайын Қасымның денсаулық жағдайы нашарлай берді. Қасым Министрлер Советінің емханасына тіркеулі болатын. Оған Зюзин дейтін профессорды бөлді. Бірақ жастайынан жалбыр тонды жетім болып өскен, бала кезінде көп қиындық көрген, жастық шағында Ұлы Отан соғы-

сының ауыртпалығын аркалаған Қасымның ауыр наукаспен күресер күші аз еді.

Сол кезде фтивозид деген жаңа дәрі шыққан.

Сол дәрі Қасым дертіне бірден-бір дауа десті білетіндер. Бірақ ол дәріні табу оңайға түскен жоқ. Бір күні қатты қиналған Қасым маған.

— Бүгін қалайда осы дәріні тауып әкел,— деді.

— Қайдан жаным-ау,— дедім мен.

— Денсаулық сақтау министрлігінен.

— Кімнен?

— Министрдің өзінен.

— Қайтіп?

— Не қайтібі бар. Тура министрдің өзіне бар. Сосын айт, осылай да осылай, мен Қасым Аманжолов дейтін қазақтың ақынының, азаматының жан жолдасымын, ол қазір төсек тартып қиналып жатыр. Мені осындай бұйымтайменсізге жіберді де. Мені құрметтемесе де, әдебиетті құрметтейін шығар...

Өмірі еш бастықтың алдына барып көрмеген мен, Қасым айтқан соң амал жоқ, қиналсам да министрге бардым. Сол кездегі Денсаулық сақтау министрі қазіргі белгілі академик Ишанбай Қарақұлов еді. Бірақ мен ол кісінің жүзін көрмегемін. Кабинетіне келсем, қабылдау бөлмесінде отырған секретарша «жиналыс өткізіп жатыр» деді. «Қашан бітеді?» деп ем, «оны мен қайдан білейін» деп иығын қикаң еткізді. Осы есіктен кешке дейін бір шығатын шығар деп мен де тапжылмай тостым. Арада екі сағаттай уақыт өткенде, жиналыс аяқталып, дүр етіп орындарынан көтерілген жұрт дуылдасып, сыртқа шыға бастады. Елдің соңын ала шыққан орта бойлы, ақсары жүзді қазаққа қарсы жүріп:

— Кешіріңіз, Ишанбай аға сіз боларсыз,— дедім.

— Иә, қалқам, мен едім. Маған келіп пе едіңіз?— деді жылы ұшырай сөйлеп.

— Иә, жұмысым сізде еді,— дедім мен қысыла тұрып. Ұялғаннан даусым да әзер шықты. Ол сезімтал кісі екен, менің дауысымның дірілінен жан толқынысымды аңғарып:

— Олай болса, жүріңіз, кабинетке кіріп сөйлесейік,— деп, өзі есік ашып, жол бастады.

Ишанбай аға менің сөзімді асықпай тыңдап алды да, мазалағаным үшін кешірім сұраған маған:

— Оу, жаным-ау, мұның ешқандай сөкеттігі жоқ. Қайта келгенің жақсы болды, Қасымдай ардагер ақын-

ға бермеген дәріні кімге береміз,— деп, өз қолымен рецепт жазып берді.

Сол күнгі Қасымның қуанғанын көрсең! Көзі үңірейіп, жағы суалған жүдеу ақынның жүзіне қан жүгіріп, дәл қазір құлан-таза жазылып кететіндей қуанып еді-ау қайран Қасым!..

Сол дәрімен емделгеннен кейін, бұрын төсек тартып жатқан Қасым орнынан тұрып, кіріп-шығуға жарады. Бірақ, көп ұзамай қайта жатып қалды. Сондай қиын кездерде бізге жазушы Ғабиден Мұстафин, Әлжаппар Өбішев, Қазақстан КП Орталық Комитетінің сол кездегі жауапты қызметкері, қазіргі ғалым Мүсілім Базарбаев, тағы басқа да кісілер біраз жәрдем жасады. Бірақ, бір қиыны, Қасым сегіз ай бойы төсек тартып, қырық градус температурамен жатқанда, көп жолдас-тары ат ізін салмай қойды. Соған Қасым қатты ренжіп жатты.

Сондай күндердің бірінде, 1954 жылдың аяқ шенінде, Москвада СССР Жазушылар одағының съезі өтіп жатқанда, Тахауи Ахтанов, Қуандық Шаңғытбаев, Тәкен Әлімқұлов, Шәкен Айманов, Сырбай Мәуленов, тағы басқа біраз кісілер қол қойған телеграмма келді. Ол телеграммада съезде поэзия туралы баяндама жасаған Самед Вургунның Қасым поэзиясын жоғары бағалағаны хабарланған еді. Бұған Қасым кәдімгідей қуанып қалды.

Қасым қандай ауыр халде жатса да, өлең жазуын тоқтатқан жоқ. Рас, дерт меңдеген ол өмірінің соңғы жылдарында өлеңді тым аз жазды, бірақ жазды! Сондай өлеңдерінің бірінде ол былай деген еді:

Көңілдің күйін төгейік,  
Арманда кеттік демейік.  
Бәрін де беріп ел жұртқа,  
Қарыздар болмай өлейік.

Ауырып, төсек тартып жатқан шақтағы арманының өзі осындай еді-ау Қасымның.

1954 жылдың соңғы күндері. Жаңа елу бесінші жыл жақындап келе жатты. Сол күндердің бірінде Қасым мені жанына шақырып алып, «осы келе жатқан жаңа жылды семьямызбен жақсылап қарсы алайық. Сен бірер күн бұрын әзірленші»—деді. Сол кезде біздің үйде жазушы Баймұқан Тоқтаров тұрушы еді. Жаңа жылды қарсы алатын күні Қасым оған ақша берді де «сен жа-

на жылды жолдастарыңмен бірге қарсы ал. Ертең қайтып келерсің. Мен бүгін семьяммен оңаша болайын» деді. Үйде тек семья мүшелері ғана: Қасым, анасы, мен, Жанна, Дариға ғана қалдық.

Дастарқан басына отырғаннан кейін Қасым «саған бүгін шарап ішкізем» деді. Мен «мас боп қалсам, сені күте алмай қалам ғой» дедім. Ол оған көнген жоқ. Біз аздап шарап іштік. Қасым гармонь тартты, домбыра шертті, ән салды. Сөйтіп семьямызбен жаңа жылды қарсы алдық. Бұл біздің Қасыммен бірге өткізген ең соңғы сауығымыз еді. Соның ертесінде-ақ Қасым қайтадан нашарлай бастады. Екінші январь күні түнгі сағат үште бұрынғыдан бетер ауырлап, әлсіреп қалды. Ағасы Ахметжанға хабар бердік. Олар келіп, достары да хабарланып, бәрі жиылып, бірнеше күн Қасымның қасында кезектесіп отырды. Сондай күндердің бірінде Қасым мені тағы да қасына шақырып алды. Бұл он жетінші январь күнгі күндізгі сағат үш кезі еді. Қасым: «сен мені жуындыр, сосын төсекті үйдің ортасына сал. Сонан кейін Жазушылар одағына хабарла. Басшылар келсін»—деді. Мен Қасым сөздерінен қатты секем алсам да, сыр бергем жоқ. Айтқанының бәрін бұлжытпай орындадым. Сол күні туыс-туғандар, Қасымның дос-жолдастары — бәрі келіп, біраз отырып түннің бір уағында тарасып кетті. Олар барда сергек Қасым кісілер үйден кетісімен тағы да нашарлап, әлсірей бастады. Үйде семья мүшелерінен өзге ағасы Ахметжан, құдамыз Мұсылман деген кісілер бар еді. Қасым «Әбділда Тәжібаев келді ме» деп, қайта-қайта іздеп жатты. Бірақ ол кісі келмеді, онда ол Москвада командировкада жүр еді. Есі кірген бір шақта Қасым мені жанына шақырып алып, мойнымнан құшақтап, аузын құлағыма тақап, бір нәрселер айтқысы келіп еді, бірақ айта алмады. Балалардың атын атады да талықсып кетті. Біраздасын есін қайта жиып алған Қасым жан-жағына күлімсіреп қарады да, «сендер мені қимай отырсындар ғой, енді қиындар» деді де, үзіліп жүре берді...

Қасымның әкесі қырық төрт жасында январь айында қайтыс болған екен. Қасым өзі айтушы еді «осы кезден өтсем, жүз жасаймын» деп. Бірақ сол кезден өте алмады. Қырық төрт жасында әкесі құсап январь айының он жетісінен он сегізіне қараған түні, түнгі сағат бірде мәңгілік ұйқыға кетті.

Қасым жұртшылыққа кеңінен тараған «Өзім туралы» дейтін атакты ұзақ өлеңінде:

Аманжол — Рақымжанның Қасымымын,  
Мен қалған бір атаның ғасырымын.  
Біреуге жұртта қалған жасығымын,  
Біреуге аспандағы асылымын.  
Сен неткен бақытты едің келер ұрпақ,  
Қараймын елесіне мен таңырқап.  
Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,  
Көрпемдімен жатармын қырда қымтап...

деп жазып еді. Сол айтқаны келді ғой...

Аяулы ақынның асыл жары бар әңгімесін айтып болып, қалың ойға шомды. Мен оның сырлы, мұңды жанарына қарап отырып, аққұба жүзіндегі әжімдерден өмір іздерін көргендей боламын. Оның сыр бүкпейтін сымбатты жүзінен, жұмсақ нұрлы жанарынан Қасым сынды қайталанбас хас таланттың тағдырын тапқандай, ақынның жұлдызды жырларын оқығандай боламын. Ойлап отырсам, Қасым ағаның енді қайтып оралмас ұзақ сапарға аттанғанына да ширек ғасырдан астам уақыт өткен екен. Содан бері қаншама жас буын оның жұлдызды жырларын жастанып оқып, жаттап өсті десеңізші! Содан бері қаншама жас ұрпақ жыр жолына қадам басты, қаншама жас талант гүл ашты. Содан бері соншама мол, қуатты жас толқынның ешқайсысы «туған елі өлеңнен құя салған» Қасым сынды ақынның «серінің сертке таққан семсеріндей» өткір өлеңіне соқпай өте алған жоқ. Өлең өлкесіндегі осынау өзгеше әлемге Қасым Аманжолдың ақындық әлеміне әлі талай жас ұрпақтың ат басын тірері, әлі талай жырқұмар қауымның тағызым етіп, табынары зайыр.

Әр нәрсені өз орынына қоятын, қара қылды қақ жарған әділ қазы — уақыт қаламгерлердің де анық бағасын айнақатесіз беріп келеді. Уақыт сынында сынбаған, қайта жыл өткен сайын өмірлі өлеңдері жаңа бір қырынан жарқырап көрінген сондай үлкен жүректі ұлы ақындарымыздың бірі — Қасым Аманжолов.

Жалпы, талант атаулының тағдыры қиын, күрделі болатыны белгілі. Ал Қасым тағдыры өте күрделі болды. 1911 жылғы күрең қабақ күз күндерінің бірі еді. Атақты Қарқаралы тауының баурайындағы Қызыларай қыстауы. Кедей шаруа, ауыл-аймаққа аңшылығымен, серілігімен атағы жайылған Аманжолұлы Рақымжанның семьясында жас сәби дүниеге келді. Әбеқоңыр ғана күйі бар Рақымжан әйелі Айғаншаның шекесі торсықтай ұл туғанына қуанса да, ұлан-асыр той жасап, шалқар шілдехана өткізе алған жоқ. Арада алты жыл өткеннен кейін Ұлы Октябрь революциясы жеңіп, әлемнің алтыдан бір

бөлігінде Совет өкіметі орнап, бұған дейін түн түнек басқан ұлан-ғайыр ұлы өлкеде бақыт таңы ататынын да, жаңағы елеусіз ғана сәбидің сол жаңа қоғамдық құрылыстың үлкен үнді, от жүректі жыршысы болатынын да сол сәтте ешкім білген жоқ, әрине. Түндігі желкілдеп, туырлығы желпілдеген қараша үйде түлкі құрсақ боп өскен бала Қасымға сіңірі шыққан кедейлердің қайғысы мен мұны әбден түсінікті еді. Қараңғылық құшағындағы қазақ ауылы алыстан келе жатқан ұлы дауылды — революция дауылын асыға күтті. Жастайынан санасына сіңген сол сурет, сол сезімді ақын Қасым кейінірек жазған «Дауыл» атты өлеңінде дәл, шебер бейнеледі.

Әркімнің тағдыры әркілі. Біреулерге мольнан жетіп жатқан барлық пен шаттық, екінші біреулерді көзіне ілмей, кішкентай разъездерге тоқтамайтын жедел поездардай зымырап өте шығады. Тағдыр Қасымға тым қатал болды. Өмірдің бұралаң жолдары бұғанасы қатып, буыны бекімеген жап-жас бала Қасымды әкесінен өлі, анасынан тірі айырды. Әйтсе де ақынның ең үлкен бақыты социалистік қоғам, советтік өмір бар еді. Қасым әкесінен көрмеген жақсылықты Совет өкіметінен көрді. Сол күрделі тағдырын ақын қырқыншы жылдары жазған «Советтік менің өз елім» атты жұлдызды жырында былай деп бейнеледі:

Өмірге енді еңбектеп,  
Шалқалап әкем шықты үйден;  
Жетімдік тағдыр жетті ештеп,  
Қабағын жаба түксиген

Өмірден үміт жоқ өзге,  
Даланың тердім тезегін.  
Әкем боп таптың сол кезде  
Советтік менің өз елім.

Сол сәби мойнына қызыл галстук байлап, мектепке қарай жүгірді. Сонда ақынның советтік өз елі әкесіндей қуанды. Сол пионер ештеңеден кемдік көрмей, тез есейіп, ержетті, комсомолға өтті. Бала Қасымның мойнындағы ал қызыл галстук оның жүрек тұсындағы қып-қызыл комсомол билетімен алмасты. Бала Қасым тағы талай белден асты. Сонау 1944 жылы майдан даласында, от пен оқтың ортасында жүріп Коммунистік партияның қатарына етті. Ақын «Тауға да шықты, жер басты, аспанға ұшты, көк көрді, өмірге құлаш кең ашты, бәрін де көзден өткерді». Қасым ақын сонда да, жер мен көкті шарқ



ұрып талай рет шарласа да, өз елі, өз Отаны — Советтік Отаннан асқан жәннат тапқан жоқ. Сол жайды ол: «Таппадымсенен артық жай, Советтік менің өз елім» деген екі-ақ жолға сыйғызды. Осындай тағдыры бар ақынның:

Бұлбұлым сайра кеудемде,  
бұлбұлым — менің жүрегім.  
Көңілдің күйі келгенде  
Ағыл да тегіл жыр едім,

Ағыттым ойдан ол үшін  
Өлеңнің ерке өзенін;  
Ақының болдым сен үшін  
Советтік менің өз елім!—

деген жырына — жүрек түбінен шымырлап шыққан жан сырына оқушы бар ділімен сенеді. Оған сендірген ақынның шыншылдығы мен шеберлігі еді.

Қай заманда, қай қаламгер болмасын өзінің басты кітабына, жұлдызды жырларына бірден зымырап жете қалған емес. Творчествоның бұлтарысы көп бұралаң жолдарынан Қасым да жүріп өтті. «Советтік менің өз елім» тәрізді үлкен үнді, әлеуметтік жүгі ауыр жұлдызды жырға әкелген жол қиын да күрделі еді. Кедей шаруа семьясында туып, жастайынан жетімдік тақсіретін тартқан бала Қасым бейнеттің де ауырын бастан кешті. Күн көріс қамымен ойын баласы байлардың отын жақты, малын бақты. Бұл сор бейнеттен Қасымды Совет өкіметі құтқарды. Ол алдымен интернатта оқып, бастауыш класстық білім алды. 1927-1930 жылдары болашақ ұлы ақын Семей малдәрігерлік техникумында оқыды. Оны тәмамдай салып, Оралдағы педагогикалық институтқа түсті. Одан соң революция бесігі — Ленинград қаласындағы орман шаруашылығы институтында оқыды. Әйтсе де бала кезінде тартқан жоқшылық пен бейнеттің зардабы жас Қасымның денсаулығына қатты әсер етіп кеткен еді. Сол денсаулық жағдайына байланысты соңғы оқыған оқу орнын аяқтай алмады. Алдында айқын мақсаты бар, арманы үлкен жас ақын 1932 жылы талай таланттың алтын ұясы, тәрбие мектебі болған халқымыздың сүйікті газеттерінің бірі — «Лениншіл жасқа» жұмысқа орналасты.

Қасым Аманжоловтың алғашқы өлеңі 1931 жылы Орал облыстық «Екпінді құрылыс» газетінде жарияланды. Осы Орал облысында болған жылдарында ол алғашында атты әскер полкінде қызмет етті, кейінірек Орал-

да театрдың қазақ труппасын ұйымдастырды. Сонан кейін Орал облыстық бұрынғы «Екпінді құрылыс», қазіргі «Орал өңірі» газетінде жұмыс істеді. Жалпы, Қасымның ақын, азамат болып қалыптасуына көпті көрген көне Жайық жағасындағы Орал қаласы үлкен әсер етті. Осы қалада ол өз махаббатын тапты, ең алғашқы махаббат, жастық жырларын жазды. Сол себепті де ақынның «Орал» атты өлеңінде:

Шағанның бойы көк шалғын,  
Шалқамнан жатқам шаңқай түс.  
Гүл болып менің құшағым,  
Кеудеме қонған бұлбұл құс,—

деп жырлауы әбден заңды еді. Бұл келтірілген тұтас өлеңемес. Қасым жазған жұлдызды жырдың бір үзгі ғана. Соның өзінде де осы өлеңді тебіренбей оқуыңыз, бей-жай қабылдауыңыз мүмкін бе? Алдымен, осының өзі-жай ғана өлең бе? Жоқ, бұл бір жастық тағдыр, оны айтсаңыз, тұтас бір тұлғалы өмір! Небәрі үш-ақ шумақ жыр жолдарымен ақын өзінің әсем жастығын қандай әдемі айтып берген!

Талай тамаша тарихтың куәгері болған, Пушкин ат басын бұрған, Пугачев ат суарған, Чапаев Жайықта жалдаған Орал өңірі Қасым ақынның өмірінде өз бедерін қалдырды. Ол өзінің өмірдегі, өлең дейтін ең ғажайып асыл өнердегі айнымас досы қазақтың өзіндей от жүректі үлкен ақыны Абдолла Жұмағалиевпен де осы Орал қаласында танысып, табысқан еді. Қасым Аманжоловтың 1939 жылы жарық көрген ең алғашқы өлең кітабы «Өмір сыры» атты жыр жинағындағы өлеңдердің басым көпшілігінің Ақ Жайық пен Оралға арналуында осындай терең сырлар бар.

Бүгінде қазақ жырының көгінде ең жарық жұлдыздардың бірі болып тұрған Қасым Аманжолов өзінің ақындық шырқау шыңына шығар жолда өмірдің ғана емес, өнердің де талай қиын өткелінен өтті. Қасым алғашында ауыз әдебиетінің ауқымынан шыға алмай, соның әсерімен жалаң дидактикалы жарқылдақ жырлар да жазды. Алайда әрбір таланттың басында болатын мұндай еліктеу-солықтаудан Қасым тез айықты. Абай поэзиясын түгендеп оқып, түбегейлі тануы, Шығыстың інжу-маржан жырларына терендей сүңгуі, орыс поэзиясының асылдарын тебірене қабылдауы. Батыс әдебиетінің озық үлгілеріне үнілуі Қасымның қуатты талантының жаңа

бір қырынан жарқырай ашылуына көп септігін тигізді. Сол себепті де ол «Советтік менің өз елім», «Орал», «Байкал», «Ата мекен», «Өзім туралы» сынды өмірлі өлеңдержазумен бірге қазақ жырына жаңа түр, жаңа ырғақ, жаңа өрнектер әкелді. Соның мықты бір мысалы — бұл күнде халықтың аузынан түспейтін атақты «Дарига, сол қыз» десек, соның екінші бір дәлелі «Подполковник Әллингге» атты өлең.

Бұл күнде Қасым Аманжолов творчествосын зерттеушілер де, ол туралы әр түрлі пікір айтушылар да көп. Солардың бірі Қасымды лирик, екіншілері эпик ақын деп атайды. Біздіңше, осының екеуі де дұрыс. Оған дәлел Қасымның махаббат, табиғат лирикаларын былай қойғанда, өзге тақырыптағы нәзік жыр, нәрлі сырлары қаншама?! «Ғалияға жауап», «Дүние қандай жап-жарық», «Май келді», «Сақыпжамал», «Күйім тасып барады, күйім тасып», «Жаным, сәулем, еркешім, қызыл гүлім» атты өлеңдері Қасымның лириктігін танытса, «Ақын өлімі туралы аңыз», «Боран», «Біздің дастан», «Құпия қыз», «Жамбыл тойында», «Бикеш» атты поэмалары оның эпиктігінің даусыз дәлелі болса керек.

Сонау 1943 жылғы сұрапыл кезеңде, туу Қиыр Шығыста дүниеге келген «Ақын өлімі туралы аңыз» атты поэма Қасымның атын аспандатып, ақындық даңқын шырқау шыңға шығарған тұлғалы туынды. Сөз орайы келгенде айта кету керек, жалпы, қай талантты болмасын ерекше атап айтар қадау-қадау шығармалары, не мықты бір кітабы болады. Қасымның сондай бір өлмес туындысы осы поэма. Өзінің жақын досы, ақын досы Абдолланың майдандағы ер өлімі жайлы естігенде, сезімтал Қасымның жан дүниесі жүз бұлқынып, жүрегі жүз сілкінген болар-ау. Сол тұста Ғабит Мүсрепов: «Майданнан ескен жылы леп» атты мақала жазып, Қасымның ақындық алымы мен шалымы, жаңашылдығы жайлы толымды ойлар толғады.

Ірі тұлғалар, үлкен таланттар бейнебір гауһар сияқты. Гауһардың алуан қыры бар. Қай қырынан қарасаң да гауһардың аты — гауһар. Қасым творчествосынан да сол гауһар бойындағы алуан қырлылық пен асылдықты тауып таныр едік. Қасымның прозалық шығармаларының өзі шағын бір кітап. Оның ішінде көлемді көркем очерктер де, әңгімелер де бар.

Қасым Аманжолов талантының тағы бір қыры драматургия саласында айқын танылды. «Досымның үйленуі», «Аңқау Жүсіп» тәрізді пьесалары бұған айқын дәлел.

Ақын Қасым әдеби сын еңбектерінде поэзияның көкейтесті мәселелерін сөз етті.

Қасым Аманжолов қазақтың «сегіз қырлы, бір сырлы» дейтін асыл қасиетті азаматтарының тобына жатады. Домбыра, мандолин, сырнай, сыбызғы тәрізді алуан түрлі музыка аспаптарында еркін ойнаған ақын пианино да тарта білген екен. Өзі ән сала білген Қасым өз жанынан да талай сазды әуендер шығарды. Осының бәрі жиылып келіп, Қасымның бүкіл тұла бойы толған тұтас талант екендігін тағы бір айқындаса керек.

Қашан, қай талант болмасын көркем аударма дейтін өлкеге ат басын бұрмай кеткен емес. Шынайы таланттар үшін аударма өзінің алдындағы әдебиет алыптарымен өнер жарыстыратын өзгеше мектеп. Сол мектептен ақын Қасым да өтті және үлкен абыроймен өтті. Оған дәлел А. Пушкин, В. Маяковский, Т. Шевченко, Ш. Руставели, Г. Низами тәрізді әлемдік атақ-даңқы бар арқалы ақындардың айтулы туындыларын ажарын солғындатпай аударуы.

Егер Қасым тірі болса, қазір жарқылдап арамызда жүрер еді. Аңқылдап, кешегі жетпіс, ертеңгі сексен жылдық тойына шақырар еді. Бірақ қатал тағдыр үлкен жүректі ұлы ақынды арамыздан тым ерте алып кетті. Әйтсе де көңілге жұбаныш қана емес, қуаныш етер тірек сол — үлкен ақынның сан ұрпақтың кәдесіне жарар, халықтың қазынасына айналған асыл жырлары қалды. Сол жұлдызды жырлар ақын атын өлтірмейді. Қыран жырдың қанаты Қасым Аманжоловты әлі талай жылдар жотасынан абыроймен алып өтеді. Алып таулар алыстан танылады, асқарлар биікке шақырады. Тұлпарлар алысқа шабады, сұңқарлар биікке самғайды. Қазақтың аса көрнекті ақыны Қасым Аманжоловтың қай биікке шыкса да, қанаты талмас, басы айналмас қыран жырының осындай бақытты тағдыры бар. Сол бақытты тағдыр — халқымыздың рухани байлығы.

Иә, таланттар мен таулардың тағдыры ұқсас. Қазіргі қазақ поэзиясының үлкен бір бақыты — Қасым сынды алқаракөк аспанға қарай атылған даңқты жанартаулары да, әлі жарылып үлгермеген үмітті жас жанартаулары да бар. Өлең өлкесіндегі сол көз жауын алған көрікті таулардың ешқайсы да Қасым тауына бей-жай қарай алмаса керек. Бұл күнде халықтың сүйікті ақынына айналып кеткен Қасым Аманжолов көп көкейінде, ел жүрегінде. Сұңғыла суреткерлердің бір ерекшелігі сол уа-

кытозған сайын олардың творчествосы ескірмейді, қайта жасарып, бұрын байқалмаған жаңа бір жақсы қасиеттерімен қымбат бола береді. Әр дәуір сайын әр ұрпақ айырықша ықыласпен қарап, әр түрлі қажетін табады, әрқилы қасиетін таниды. Бұл ақын, жазушы атаулының бәріне бірдей қона бермейтін тым сирек, өте қымбат бақыт.

Мен осыдан бірер жыл бұрын Қасым өскен өлке Қарқаралыда болдым. Қаршығалыны көрдім, Қызыларайды қызықтадым. Жартастарды жағалай өскен қалың қарағайлар мен аспанның өзіне асқақ қараған тәкәппар таулардан көз ала алмадым. Сұлудың жанарындай түп-тұнық көлдердің тұңғиық сырлары көзге көрінбей, көңіліңмен, бүкіл, жан-жүрегіңмен ғана сезетін әлдебір тылсым күшпен тұтқындап алды... Осындай сұлу өлке, сиқырлы жерде туған Қасым ақынның қазақ поэзиясының жарық жұлдызы болуы орынды да. Өйткені ол арғы-бергі барлық таланттар тәрізді өзінің кіндік қаны тамған жері мен өскен елінің табиғатына тартып туған. Кім біледі, бәлкім оның келер ұрпақ, кемел тарихпен бірге жасай беретін мәңгілік қасиетінің сиқырлы бір сыры осында шығар...

Қасымның жомарт күзде өткен жетпіс жылдық тойында жомарт талант жайлы осындай ойлар оралды.